

**Турганбаева Жанара Жанатовнаның**  
**«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия**  
**докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ислам әлеміндегі**  
**коммуникативті-мәдениетті тәжірибе ретіндегі адаб: дәстүр**  
**сабақтастығы және жаңғыру» атты диссертациялық жұмысына**

**АНДАТПА**

Диссертациялық зерттеу ислам мәдени дәстүрін, исламдық бірегейлікті сақтауда, әртүрлі конфессиялардың мәдени коллаборациясын, толерантты діни мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын көп қырлы, полисемантикалық құбылыс ретіндегі адабты исламтанулық тұрғыдағы талдау болып табылады. Жұмыста Адаб феноменологиясының тұжырымдамалық, теориялық-әдіснамалық негіздері мен оның исламтанулық, философиялық ұстанымдар арқылы Ислам Әлемі құрылымына ендеу ашып көрсетілген.

**Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Адабты зерттеу қазіргі адамның дүниетанымын дамытудың діни-мәдени дәстүрлерінің сабақтастығы үшін маңызды. Бұл мәселе қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында қазақстандық қоғамның болмысы үшін ерекше өзекті. Зайырлы және діни құндылықтардың тепе-теңдігі туралы мәселе тұрғысынан алғанда, адаб мәселесін ғылыми ойдың кемелденген кезеңі саналатын ислам әлемі дамуының классикалық, «алтын ғасыр» кезеңіндегі дінмен байланысты зерттеу аса өзекті. Адаб қазіргі заман жағдайында рухани-адамгершілік және ғылыми таным, ағарту саласы мен өмірді модельдеудің көзі қайнар болып табылады және оны шетелдік және отандық исламтанудағы әр түрлі және пәнаралық зерттеулерден байқауға болады.

Адабты зерделеуді өзектендіру оның қазақстандық қоғамның мәдени модельдерін концептуализациялауға қатысумен (Түркі Әлемінің осы күрделі және хронологиялық ұзақ мәдени процеске жанама қатысуы арқылы) негізделеді.

Тақырыптың өзектілігі ислам мәдениеті мен ислам қоғамының өмірлік әлемін бейнелейтін полисемантикалық құбылыс ретінде адабты қайта құрумен байланысты.

Жаһандық сипаттағы туындайтын дағдарыстар, мәдени бірегейлік пен рухани қауіпсіздіктің деконструкция қаупінің артуы жағдайында адаб Ислам әлемінің рухани-мәдени бірегейлігін сақтаудың тұрақты құрылымы болып табылады. Толерантты ислами сананы қалыптастырудағы адабтың рөлі конфессияаралық және конфессияішілік келісім стратегиясын орнату үшін диалогтық маңызға ие.

Адаб моральдық идеологияның құрылымы ретінде Құранның моральдық негіздерін түсіндіруде, оның қалыпты (орта) нұсқасы исламды насихаттаудағы рөлі қоғам санасын дерадикализациялау проблемасымен,

қоғамда тұрақты (дәстүрлі) исламдық сананы қалыптастырумен байланысты. Қазақстан нақты дүниесі үшін рухани қауіпсіздік тақырыбы ең күрделі және басым болуына байланысты адаб мәселесі маңызды болып табылады. Өйткені Орта ғасырларда адаб арқылы Құранның толерантты, диалогтық мәтіндерінің жұмсақ, бірақ тұрақты герменевтикасы жүзеге асырылды.

Сананың радикалдануы жаһандық және аймақтық проблема ретінде терең теориялық және қолданбалы зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты дерадикалданудың білім беру және ағартушылық бағдарламалары үшін адабтың феноменологиялық мүмкіндіктерін анықтау қазақстандық қоғамда өте өзекті болып табылады.

Адаб этикалық және зияткерлік бөлігі болып табылатын Ислам әлемінің тарихи-мәдени мұрасын қалпына келтіру мәдени және діни дәстүрлерді рухани қайта түлеу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақ мәдениетінің рухани негіздерін, этикалық-моральдық кодты, мәдени егемендікті қайта құрудың жоғары рөлі атап өтілді. Адаб Қазақстанның рухани-мәдени кеңістігінде дәстүр мен жаңашылдық бірлігінің мәдени парадигмасын қалыптастыру үшін өзінің маңызын ашады. Қазақстан зайырлы мемлекет бола отырып, Ислам әлемінің бір бөлігі болып қала береді және Қазақстанның рухани дәстүрлерінде ислам қазақстандықтардың рухани әлемін дамытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан адабтың мәдени, рухани құбылыс ретіндегі мағынасын ашу өте маңызды міндет, өйткені ол білім беру, ағарту және тәрбиенің онтологиялық мәселелерімен байланысты. Бұл проблемаларды шешу – өзінің бірегей дәстүрлерінің тұрақты мәдени-діни иммунитеті бар ашық қоғам үшін басымдық танытады.

Ғылыми зерттеудің осы тақырыбын таңдау қазіргі әлемдегі исламның өзекті мәнін түсінумен, тұрақты діни сананы қалыптастырумен, көп мәдениетті қоғамдарда ислам дәстүрін сақтаумен, адабта ең көп енгізілген және іске асырылған гуманистік әлеуетті ашумен байланысты. Сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы рухани-адамгершілік дамудың стратегиялық бағдарламаларымен, діни экстремизмнің алдын алумен және рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етумен де байланысты.

### **Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі**

Адабты зерттеу оның пайда болуынан басталады. Исламның «алтын ғасыры» кезеңіндегі адабты зерттеулер теологиялық, филологиялық, құқықтық және философиялық дискурстармен байланысты.

Адаб әртүрлі интерпретацияларды, соның ішінде концептуализацияны алға тартады. Ортағасырлық теологиялық дискурстың көптеген зерттеушілері адабты Құран мен Сүннеттің этикалық императивтерін синтездейтін этикалық моральдық категория деп санайды.

Адабтың діни аспектілерін Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазали ат-Туси, Абу әл-Хусайн Ибн Сам'ун, Фахр ад-Дин ар-Рази, Абу әл-Фараж Ибн әл-Джаузи, Қожа Юсуф Хамадани, Қожа Ахмед Ясауи, Абу Наср ас-Сарраж ат-Туси, әл-Ашари, Ат-Табари зерттеген. Сонымен қатар, белгілі мухаддистер: Мухаммад Ибн Иса ат-Тирмизи, Абу 'Абд-ар-Рахман ан-Насаи, Абу ал-Лайс Наср Ибн Ахмад Ибн Ибрахим ас-Самарканди, Мухйиддин ан-Навави, Ибн 'Ата' Аллах аль-Искандари, Даиф Аллах Ибн Йахйа аз-Захрани еңбектерінде адамгершіліктің жоғары сатысы ретінде адаб мәселелері көтеріледі.

Ислам орта ғасырлары кезеңінде фәлсафаның барлық зияткерлік ағымдарға әсері аясында адаб пен философияның «адабтануы» жүзеге асырылады. Философиялық адаб қағидаттарына әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» атты трактат, Ибн Туфайлдың «Якзанның ұлы Хай туралы хикаят» атты жеке шығармаларын жатқызуға болады. Сондай-ақ адабтың философиялық мәселелерін Әбу Хайан Али Ибн Мухаммад ат-Таухиди, Абу Али Хусейн Ибн Сина, Ибн Рушд, Ибн Мискавейх, Ибн Халдун, Жүсіп Баласағұн, Ахмед Йүгінеки және тағы басқалар өз еңбектерінде қарастырған.

Әл-Муфаддал ад-Даби, Әл-Джахиз, Абу Бакр ас-Сули, Махмуд аз-Замахшари, Абу 'л-Баракат әл-Анбари, Ибн әл-Мукаффа, Махмуд Қашқари, Ибн 'Абд Раббихи, Ибн Хазм, әл-Харири және тағы басқа танымал мұсылман филологтары мен гуманист-жазушылары адабты филология және поэзия тұрғысынан қарастырды.

Қазіргі заман ислам әлемінің әр түрлі бөліктеріндегі адаб дискурсын қалыптастырған Рифа ат-Тахтауи, Джамал ад-Дин әл-Ауғани, Мухаммад Абдо, Адиб Исхак және т. б. қоғам қайраткерлерінің интеллектуалды қызметімен сипатталады.

Адабты батыс шығыстанушылары мен исламтанушылар да зерттеді, олардың арасында Рейнольд Аллен Николсон, Г. В. Ф. Гегель, А. Мец, А. Бадави ислам мәдениеті мен ғылымына қызығушылық танытты.

Ислам және Батыс Әлемі кеңістігінде адабты проблемаландыру және оның концептуалды-әдіснамалық негіздерін жасаумен өз кезегінде айналасқан және айналы сатын қазіргі заманғы исламтанушылар: И. Голдциер, Дуайт М. Дональдсон, А. Сальваторе, М.Е. Гашпер, Т. Асад, А. Шиммель, Дж. Макдиси, А. Лапидус, Х. МакЛарни, А. Папас, Дж. Тримингэм, Дж. Эспозито, А. Карамустафа, Ф. Дафтари, С. М. Газанфар, М. Ходжсон, У. Халил және А. Хан, М. Аркун, О.О. Сүлейменов, И. Рагаб, С.Х. Наср, Ф. Вахдат, Ч. Тэйлор, А. Корбен, Л.Э. Гудман, И. Аббас, М.Н. Заки, А.М. әл-Аккад, С. Мұса, М. Фахри және т.б. Қазіргі ислам ғылымында адабтың дискурсивтілігі жаңа зерттеулермен байланысты. Ислам зиялылары: З.Сардар, Х. Ханафи, Т. Рамазан адабты адамның мәдени негізі ретінде қарастыруларға үлес қосуда.

А.Е. Крымский, Б.А. Алиева, О.Г. Большаков, С.М. Прозоров, А.А. Игнатенко, В.В. Наумкин, М.Б. Пиотровский, Р.И. Сұлтанов, А.Ю. Халидов, А.Б. Куделин, И. Фильштинский, Б.Я. Шидфар, И.Ю. Крачковский, А.В. Сагадеев, Е.Э. Бертельс, А.В. Смирнов, А.Д. Кныш сияқты Кеңес және Ресей ғалымдары ислам мәдени және білім беру дәстүрі туралы үлкен білім қорын әзірлемелеуде.

Қазақстандық ғылыми қоғамдастықтың болмысында адабтың пәндік өрісін және онымен байланысты ислам мәдениетін, этикасын, білімін және мәдениеттің диалогтығын зерттеу кешенін Н.Л. Сейтахметова, А.Н.Нысанбаев, Г.Қ.Құрманғалиева, Б. М. Сатершинов, Н.Ж. Байтенова, Т.Х. Ғабитов, А.Д. Құрманалиева, Р.С. Мұхитдинов, Ж.С. Сандыбаев, Ш.С. Рысбекова, Д.Т. Кенжетай, К.М. Борбасова, С.У. Әбжалов, С.Б. Бөлекбаев еңбектерінен көруге болады.

Адаб қазақ мәдениетінде өзінің дамуын рухани компонент ретінде алуда. Абай мен Шәкәрімнің еңбектері адамгершілік адабының биік шыңы. Қазақстандық ғалымдар: А. Машанов, Г.Г. Барлыбаева, Г.Ж. Нұрышева, С.Е. Нұрмұратов, Қ.Ш. Нұрланова, Ғ. Ақмамбетов және т. б. еңбектерінде ислам және қазақ этикалық дәстүрлерінің өзара үйлесімдігі пайымдалады.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты** – көп мәдениетті диалогтың онтологиялық негіздерін анықтау үшін Ислам Әлемінің мәдени-коммуникациялық кеңістігінің адамгершілік-этикалық және әлеуметтік-мәдени құбылысы ретіндегі адабты исламтанулық талдау.

**Зерттеу мақсатынан туындайтын жұмыстың негізгі міндеттері:**

- исламтанудағы адабты зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін қарастыру және талдау, және оның адамгершіліктік мазмұнының көп өлшемділігі мен көпқырлығын айқындау;

- мәдениетаралық диалог құру үшін адабтың диалогтық әлеуетін ашып көрсету;

- ислам бірегейлігін қалыптастырудағы адабтың онтологиялық және феноменологиялық маңызын дәйектеу;

- нақты дүниенің этикалық және эстетикалық өлшемдеріндегі адабтың полисемантикалық және полифониялық контексттерін ашу;

- исламның және түркі мәдени-коммуникативтік кеңістігінде адабтың аксиологиялық бағдарларын қалыптастыруда этикалық және философиялық сабақтастығының бірегейлігі мен әмбебаптығын айқындау;

- адабтың мағынасын қазіргі әлеуметтік-мәдени процестер тұрғысынан талдай отырып адабтағы ислами этикалық компонентті дәстүр мен сабақтастықта қайта құру;

- ислам санасы мен өмір моделдеріндегі гуманистік нарратив пен практикалық нұсқаулық ретіндегі адабтағы ақыл-ой тұжырымдамасының аксиологиялық маңызын ашу;

- ғылыми исламтану практикасы ретінде адабтың модернизациялық әлеуетін анықтай отырып ислам әлемінің зияткерлік және білім беру стратегиясындағы адабтың негізгі рөлін анықтау.

**Зерттеудің нысаны:** Ислам әлемінің дискурсивті мәдени-коммуникативті кеңістігі.

**Диссертациялық зерттеудің пәні:** Ислам әлемінің дискурс қалыптастырушы дәстүрі ретіндегі адаб.

**Ғылыми зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері.** Исламтану және дінтану зерттеулерінде қолданылатын пәнаралық әдістермен ұсынылған: феноменология, герменевтика, құрылымдық талдау, тарихи қайта құру, дінтану компаративистикасы, исламдық феноменологиялық редукция, мәтіндерді мазмұнды талдау.

Зерттелетін құбылыстың пәнаралық және көп деңгейлі сипаты исламдық адабтың барлық аспектілерін барынша толық қамту мақсатында дінтану, философиялық, мәдениеттану, әдебиеттану және филологиялық зерттеулерге жүгінуді талап етті.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** адабты Ислам Әлеміндегі көп мағыналы, көпфункционалды құбылыс ретінде түсіндірумен және оның қазақстандық исламтанудың дамуындағы рөлін анықтаумен байланысты.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

- адаб уақыт талаптарына сәйкес өзгеріп отыратын, рухани бағдарлар мен көп өлшемді ғылыми білімді құруға қатысатын көп қырлы құбылыс;

- исламның диалогтық, толерантты табиғатынан туындайтын адабтың диалогтық әлеуеті ашылды, оның құндылықтар жүйесінде осы құбылыстың тұжырымдамасы орын алатыны көрсетілді;

- мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы адабты дискурс құрушы рөлі дәйектелді;

- форма эстетикасы мен мазмұн тереңдігінің тепе-теңдігін орнатуда адабтың полисемантикалық және полифониялық табиғаты айшықталды;

- отандық ғылыми әдебиеттер алғаш рет адабтың орта ғасырлық ислам мәдениеттің гуманистік құндылықтарын әмбебаптылығын айқындайтын исламтанулық талдаулар жүргізілді. Адабта жаңғыру жағдайына қажетті зайырлылық пен діндарлық категорияларының тепе-теңдігі орын алады. Қазақ адабы – көшпелі және отырықшы, түркі және ислам, хан және империялық, кеңестік және тәуелсіз тарихтың әр түрлі «қабаттарының» «өзара сәйкестендігіне» қабаттасуына байланысты рухани құндылықтар мен зайырлы көзқарастардың әмбебаптылығы мен бірегейлігініңтеңгерімі болып табылады;

- адаб ислам интеллектуалдығының моральдық-этикалық және ғылыми дискурсы ретінде дамуының перспективалық бағыттары бағымдалған. Қазіргі кездегі адабтық әдебиет пен ғылымда байқалатын адабтың аяқталған емес табиғаты суреттелген. Алғаш рет адабтың

мазмұнындағы ислам дәстүрінің қазіргі заманмен тығыз байланысы ашылып көрсетілді (қазақ адабы мен қазіргі ислами адаб мысалында);

- мұсылманның санасы мен өмірінің барлық түрлерінде «инсанийаны» орнатуға бағытталған адаптағы дискурсивті мен практикалық гуманизмнің бірлігі туралы тұжырымдамалық ереже негізделді;

- адамның адамгершіліктік жетілуіндегі адабтың интеллектуалды-білім берулік рөлі қалпына келтірілді.

### **Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар.**

1. Адаб уақыт талаптарына сәйкес өзгеріп отыратын, рухани бағдарлар мен ғылыми білімді құруға қатысатын көп қырлы құбылыс. Алғаш рет қарастырылып отырған адабтың полисемантикалық қыры, оны адамгершілік немесе әдебиет құбылысы ретінде түсінуге қарама-қарсы, күнделікті өмір тәжірибесін философиялық түсінуге, Қасиетті жазбаның мағынасын жіктемелеуге ықпал етеді, оны түсіну арқылы субъект өзін-өзі түсінеді. Исламның аксиологиялық үлгілері «қабаттасқан» исламға дейінгі көшпенділердің құндылықтарын бойына сіңірген адабтың адамгершілік бағдарлары, ары қарай исламданған мәдениеттер мінез-құлық этикет нормаларынан бастап мінез-құлық пен ақыл-ой тәрбиесін қажет ететін рухани жетілдіру идеясына дейін кеңейе түсті.

2. Адапта ислам, христиан және иудаизм диалогы үшін толерантты, бірегейлік әлеует қалыптасты. Әлемді дүр сілкіндірген оқиғалар, оның ішінде пандемия кезінде байқалған руханият дағдарысы адаптағы негізгі құндылық ретінде тұжырымдалған мәдениетаралық ынтымақтастықтың қажеттілігін анықтайды. Исламның мәдени Өзгелермен өзара әрекеттесуге бағытталған этикалық және философиялық бағыттары адабтың диалогтік мазмұнын анықтады, бұл ислам интенциясы конфессияаралық өзара әрекеттесуді мінез-құлық нормаларына, моральдық кодекске және тиісті әдебиеттер корпусына айналдыру әрекетін қалыптастырды. Адаб орта ғасырдағы исламның зияткерлік дискурстағы плюралистік сипатымен, оның инклюзивті табиғатына байланысты мәдени және діни диалогқа назар аударумен өрнектеледі.

3. Адаб Ислам әлемі мен Батыстың мәдени кеңістігінде ислами бірегейлікті қалыптастырған және әрі қарай қалыптастыруда. Адаб осы мәдени бірегейлікті құндылықтандырады, өйткені ол негізгі мақсаты білім болып табылатын исламмен байланысты болғандықтан, мұсылманды және «джахильді» ерекшелейтін ілімді игеру құралы ретінде әрекет ететіні анық. Бұл тұрғыда ислам білімге серпін берді, оның көмегімен адабты анықтау исламмен бірге келген білім мен Құдайға аян туралы білім адамдарға ашылмаған надандық «джахилийя» дәуірі арасында айқын шекара қойды. Адаб діндарлықты тек ғұрып нормаларын біліп қана қою емес, мәдени бірегейлік бар білімді, мәдениетті, адамгершілік деп түсінеді.

4. Адабтың полисемантизмі мен полифонизмі бұрын-соңды болмаған білім беру стратегиясын қалыптастырды: интеллектуализм мен "қарапайымдылық" (күнделікті) философиясының теңдігі. Адабтың қазіргі түсінігін тек жазба мәдениеті ретінде әдебиетпен ғана байланыстыруға болмайды: адаб сонымен қатар этика, эстетика, риторика, гуманистік мазмұн, психологиялық қабылдау және жазудың аксиологиялық сапасына да қатысты. Ислам Әлемінің гуманитарлық ойының этикалық бағыты ретіндегі адабтың маңыздылығы қайнар көздерін кешеніне негізделген этикалық-философиялық білімнің практикалық паш етілуімен түсіндіріледі: номадтық этика, Қасиетті Жазу, хадистер корпусы, теологиялық еңбектер, антикалық ілімдер, сопылық практикалар. Екінші жағынан, бұл терминнің полисемантикалық сипаты оның гуманитарлық және діни пәндер кешеніне жүгінуін көрініс табады.

5. Адабтар бірегей әрі әмбебап. Адабтардың бірегейлігі Ислам Әлемінің әртүрлі бөліктеріндегі этностық, аутентті дәстүрмен, рухани тәжірибенің таралу ауқымы мен біркелкілігімен алдын ала анықталған. Адабтың әмбебаптығы ислами діни-этикалық дәстүр құндылықтарының бірлігімен астасып жатады. Мұндай адаб - «түркі-қазақ» кодын, исламдық компонент пен инновациялық әлеуетті біріктіретін қазақ адабы. Жаһандану процестері адабтың жаңаруына ықпал етеді, бірақ онда әрдайым ислам дәстүрінің тұрақты мазмұны сақталады. Елбасы атап өткендей, дәстүр халықтың сана-сезімі мен мәдениетінде бекітілген, алайда тарихи сабақтастық контентті «сақтап» қана қоймай, оны өзектендіреді, дәстүр сананы табысты жаңғыртуға жоспарлы қозғалыстың кепілі болып табылады. Осыған байланысты адабтың жүйелі игерілген нормалары ұлттың рухани тәжірибесін толықтырып әрі байыта отырып, үнемі қайта өзектендірілуге ұшырайды.

6. Адаб – ислам дәстүрін сақтаудың және оны әртүрлі стильдер, жанрлар арқылы таратудың қайнар көзі. Ислам дәстүрін сақтау және оны әртүрлі формалар мен жанрларда үздіксіз қайта құру классикалық және қазіргі заманғы адабтың міндеті. Адабтың бітістіруші әлеуеті ислам дәстүрін қайта құру мен интеллектуалды қайта өрлеуде жатыр. Адаб философиялық және әлеуметтанушылық, өнер тарихы мен рухани білімнің кең спектріне жүгіне отырып, осы тұжырымдаманы жеткізушілердің өмірі салты мен ойлауында тарихи, мәдени және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты қайта құрулардан өтті. Қазақ адабының мысалында өткен мен қазіргі заманның адамгершілік императивтерінің рухани сабақтастығының желісін көруге болады.

7. Адаб - гуманизмнің исламдық нарративы ғана емес, сонымен қатар практикалық гуманизмі, өйткені адабтың басты міндеті - адам бойында адамилықты - «инсанийаны» және оны өмір мен ойлаудың барлық түрлерінде өрбіту. Адабтың мәдени-коммуникативтік дискурсындағы «инсанийа» құбылысының әсер етуі адабтың өзін-өзі терең ойлануына,

сананы ізгілендіруге, күнделікті өмірді парасаттандыру мен философиялық рефлексияға түрткі болды. Ислам гуманизмі - инсанийа - адабта өзінің этикалық және эстетикалық дамуына қол жеткізеді, теориялық тұрғыда – рухани даму тұжырымдама, практикалық тұрғыда – өнегелілікті түзетпелеуге арналған нұсқаулық болып келеді.

8. Адаб – моральдік жетілдіру идеясына негізделген Ислам Әлемінің интеллектуалды және білім беру жобасы. Адамгершіліктік жетілдіру – зияткерлік және білім беруді дамыту стратегияларын құруға арналған адабтың онтологиялық негізі. Қазіргі исламтануда әлеуметтік өзара әрекеттесудің рухани-адамгершілік мазмұны мен жеке адамның ішкі әлемін құндылықтандыруға бағдарланғын адаб әртүрлі әдіснамалар тұрғысынан қарастырылады, бірақ олардың барлығы дәстүр мен жаңғырудағы зияткерлік және білім берудің мәнін ашуға бағытталған.

**Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы:** жұмыста қазіргі әлемдік, оның ішінде отандық, ғылыми қауымдастық қатысатын адабтың күрделі, көп құрамды этикалық және ағартушылық тәжірибесінің мәселелері келтірілген. Диссертация материалдарын исламтану, дінтану, философия, мәдениеттану сияқты гуманитарлық білім саласындағы білім беру курстарын одан әрі зерттеу және дамыту үшін пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы.** Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының дінтану бөлімінде орындалды. Философия, саясаттану және дінтану институтының дінтану бөлімінің методологиялық семинарларында талқылаудан өтті. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің дінтану кафедрасында талқылаудан өтті.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 19 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында – 7 ғылыми мақала, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 8 ғылыми мақала басылып шықты, сондай-ақ ұжымдық монографияларда 2 жарияланым бар.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттері кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұратын жұмыс құрылымын анықтады. Диссертация көлемі – 175 бет.